

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

БЕКІТЕМІН  
Қазақ және орыс тілдері  
кафедрасының меңгерушісі  
Үдербаев А.Ж.

«11»

2020 ж.

**СИЛЛАБУС**

**LNG 1041 «Қарапайым қазақ тілі»**

(Пән коды мен атауы)

2 кредит

2020- 2021 оқу жылының күзгі семестрі

(күз/көктем) оқу жылы

**Алматы 2020**

ҚазҰТЗУ 703-08 Y. SYLLABUS

ҚазҰТЗУ 703-08 Y. SYLLABUS

Институт Машани атындағы Базалық білім беру  
Кафедра «Қазақ және орыс тілдері»

1. Оқытушылар туралы мәлімет:

Оқытушы туралы мәлімет	Өткізу уақыты және орны		Байланыс үшін ақпарат		
	Аудиториялық сабақтар	ОСӨЖ (Офис сағаттары)	WhatsApp	Әлеуметтік желі аккаунты	e-mail
Ускенбаева Р.М., PhD, ассистент-профессор	Microsoft Teams платформасында порталдағы кесте бойынша он-лайн өтеді		8 701 286 45 01		<a href="mailto:rauza82@mail.ru">rauza82@mail.ru</a>
Нұрсұлтанова А., ф.ғ.м. ассистент			8 700 678 38 34		<a href="mailto:akbayan_9111@mail.ru">akbayan_9111@mail.ru</a>
Офис-сағаты: Сейсенбі:12.10-13.00; Бейсенбі 8.55-10.50 сағат арасында Microsoft Teams, WhatsApp арқылы өтеді.					

**Курсқа қойылатын талаптар:**

- Десктоп немесе лаптоп типті компьютердің болуы, басқа да гаджеттерді бір уақытта қолдану ұсынылады, бірақ міндетті емес.
- Жылдамдығы кемінде 0,5 Мбит/сек. болатын интернет-арнаның болуы.
- Microsoft 365 платформасында оқытушының өз суреті қойылған жеке аккаунты және корпоративтік поштасы болуы.
- Сабақ кестесіне сәйкес сабаққа қатысу міндетті.

**2. Курстың сипаттамасы:** «Қазақ тілі. Қарапайым деңгей» курсы Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың орыс тілді аудиторияларында барлық мамандықтар бойынша бакалавриаттың А0-А-1- ең төменгі жеткіліктілік ұлттық стандартты (І ҰС) деңгейі бойынша оқитын студенттеріне арналған.

2.1 «Қазақ тілі. Қарапайым деңгей» курсы төрт модульге бөлінген. Силлабус мазмұны өзара тығыз байланысқан екі бағыттан, атап айтқанда, студенттерге қазақ әліпбиі мен дыбыстар жүйесінің айтылу, оқылу және жазылу ерекшелігін, үндестік заңын меңгерте келе, сауатты және дұрыс жазу, қарапайым қатынаста еркін сөйлеу дағдысын жетілдіруге арналған тілдік бірліктер мен сөйлем модельдерін меңгертуге арналған тапсырмалар жүйесінен тұрады. Ұсынылған тапсырмалар жүйесін студенттер өз бетімен және оқытушы басшылығымен орындай алады.

2.2. *Курстың мақсаты:* студенттерге қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылу, оқылу және жазылу ерекшелігін меңгерту, сөйлеудің қарапайым модельдерін қоғамдық-әлеуметтік ортада еркін қолдана алу дағдысын қалыптастыру.

2.3 Студенттерді төмендегідей *құзыреттіліктерге:*

- қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, оқу және жазуға;
- қазақ тіліне тән үндестік заңын сақтауға;
- берілген тақырыптар бойынша өз ойын қысқаша айта білуге;
- тыңдаған, оқыған ақпарат немесе мәтін мазмұнын түсінуге;
- сөйлем модельдерін пайдаланып, жазбаша шағын мәтіндер құрастыруға;
- қарапайым жағдаяттарда диалог, полилогке түсуге *машықтандыру*.

Пререквизиттер: Диагностикалық тест (50 баллдан төмен).

Постреквизиттер: Қазақ тілі. Базалық деңгей.

Курс соңында *білім, білік, дағды* бойынша күтілетін *нәтижелер* төмендегідей:

Сөйлесім әрекетінің түрі	Нәтижелер
Тыңдалым бойынша	- Тіл қолданушы жай, баяу, анық айтылған сөздерді түсінеді, қарапайым нұсқауларды орындай алады.
Оқылым бойынша	- Тіл қолданушы таныс есімдерді, сөздерді, күнделікті өмірде кездесетін қарапайым фразалар мен хабарландыруларды, кейбір жарнама мәтіндерін оқи алады
Тілдесім бойынша (диалогтік сөз)	- оқыған немесе естіген ақпараттың мазмұнын баяндап айта алады; - көрген немесе естіген нәрселерін сипаттай алады; - өзінің ойын, пікірін жүйелі жеткізеді; - өз көзқарасын дәйектеп айта алады.
Айтылым бойынша (монологтік сөз)	- Тіл қолданушы таныс тақырыптар аясында сұрақ қойып, жауап бере алады. - Өзіне бағытталған қарапайым лебіздерді түсіне алады. Тіл қолданушы өзі және басқа адамдар (мекенжайы, қызметі, өмірбаяны) туралы айта алады; алдын ала дайындалған хабарламаларды таныстыра алады.
Жазылым бойынша	- өзі, жұмысы мен таныс адамдары және мекенжайы туралы, жай сөйлемдер мен фразаларды жаза алады. - бір-бірімен байланыссыз жай сөйлемдерді жаза алады.

### 3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Модуль 1.					
апта	Тақырып атауы	Сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша құзыреттіліктер Ұсынылатын әдебиеттер	Пр. сабақ.	1.СӨЖ /2.ОСӨЖ Тапсырма түрлері	Тапсыру мерзімі
1	<b>М 1.</b> Тақырып 1. Қазақ тілін үйренеміз! Қазақ әліпбиі. Қазақ тіліне тән дауысты және дауыссыз дыбыстар. Буын. Буын үндестігі.  Таныс болайық! Өзім туралы. Г: <i>Тәуелдік, көптік жалғаулары</i>	<b>Тілдік құзыреттілік:</b> <b>Фонетика-грамматикалық минимум:</b> Қазақ тілінің әліпбиімен таныстыру. Қазақ тіліне тән дыбыстардың ерекшелігін меңгерту. Буын. Буын үндестігі. Тәуелдік, көптік жалғаулары. Жіктеу есімдіктері. Сұраулық шылау. Ауыспалы осы шақ. <b>Лексика:</b> Қазақ тіліне тән дыбыстарды, олардың айтылу заңдылықтарын, тіл бірліктерін меңгеру, қолдана білу. <b>Тыңдалым:</b> Дыбыстардың айтылуын тыңдау, қайталап айта білу, сәлемдесу түрлерін, танысу құрылымдарын тыңдап, айтылуын санаға сіңіру.	2	Силлабуспен танысу. <b>Лексикалық минимумды жаттау. СӨЖ 1.</b> Қазақ тіліне тән 9 әріпті жаттау. 8-10 мысал келтіру.  Фонетика-грамматикалық минимум, лексикалық минимум бойынша тест тапсыру.  <b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Қазақ тілі мен үшін...» тақырыбы аясында сөз қозғау. Оқытушымен бірге жобаны жасау мақсатын талқылау, әңгімелеу. Ұсынылған тақырыптың негізінде сөз қозғау.	24.08.2020-29.08.2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

		<p><b>Оқылым:</b> Берілген сөздерді, сөз тіркестерін мұқият оқып, ішінен қажетті қазақ тіліне тән әріптерді ұғыну, өз ақпаратымен толықтыру.</p> <p><b>Жазылым:</b> Қазақ тіліне тән дыбыстармен сөз тіркестерін, сөйлем құрастыруға дағдылану, өз бетімен 15-20 сөз тіркестерін құрастырып, жазу.</p> <p><b>Айтылым:</b> Ұсынылған тақырып аясында сұрақ қою, сұраққа жауап беру. «Танысу», «Сәлемдесу» сұхбаты бойынша берілген репликаларды рөлдерге бөліп айту. Қазақ тіліне тән 9 дыбысты жатқа, қатесіз айтуға және аталған әріптерді пайдалана отырып күнделікті қарым-қатынаста еркін қолдануға дағдылану.</p> <p><b>Қатысымдық міндет:</b> Сәлемдесу түрлерін, танысу құрылымдарын қолдана алу, өзін басқаға, жеке адамдарды өзара таныстыра алу.</p> <p><b>Ұсынылатын дереккөздер:</b> Нег.1 [10, 11], 4[41, 156]; Қос.1 [14], 2[9]</p>	<p>А. Қоғамдық орындарда Б. Білім алуда В. Отбасында Г. Ұлтаралық достықта Д. Қызмет үшін</p>	
2	<p><b>М 1.</b> Тақырып 2. Қай елден келдіңіз? Менің елім. Г: <i>Жіктік, тәуелдік жалғаулары</i></p> <p>Менің отбасым. Туыстарыммен таныстырайын. Г: <i>Жіктеу есімдігі</i></p>		<p>2</p> <p><b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ 2.</b> Сырлы өлке. Өз елінің көрікті жерлерінің суреттерін дайындау. Әр суретпен байланыстырып сөз тіркестерін құрастыру. 8-10 сөз тіркесі. «Бұл мен». Бала кезінен бергі суреттермен байланыстырып отбасылық слайд жасау. Хронологиялық негізде баяндау. 5-7 жай сөйлем.</p> <p><b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Қазақ тілі мен үшін...». Бейнежазба жасау, қорғау, әңгімелеу. «Қазақ тілі мен үшін...» тақырыбының аясында берілген тақырыптардың біреуін таңдау, материал жинау, топпен таныстыру.</p>	1.09.2020-5.09.2020
3	<p><b>М 1.</b> Тақырып 3. Менің досым. Жүзі жылыдан түңілме. Сырт келбет, мінез. Г: <i>Тәуелдік жалғауы</i></p> <p>Біздің үй. Мекенжай. Г: <i>Сан есім. Реттік сан есім.</i></p>		<p>2</p> <p><b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ 3.</b> Адам көркі – шүберек. Венн диаграммасы: Дос қызы мен жігіттің сипаты, мінезі, өнері, сырт келбетін салыстыра сипаттау.</p> <p>Жазбаша жұмыс: Анама хат. Жаңа мекенжайымен таныстыру. 5-7 жай сөйлем.</p>	7.09.2020-12.09.2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

				<b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Қазақ тілі мен үшін...» тақырыбы аясында бейнажазбаның жоспарын құру, топ студенттеріне, таныстыру, өз жоспарын талқылау.	
<b>Модуль 2.</b>					
4	<p><b>М 2.</b> Тақырып 4. Уақыт. Сағат. Апта күндері 12 ай. Жыл мезгілдері. Г: <i>Осы шақ, өткен шақ, келер шақ</i></p> <p>Ауа райы. Климат. Г: <i>Шейін, дейін шылаулары. Сын есім</i></p>	<p><b>Тілдік құзыреттілік:</b> <b>Грамматикалық минимум:</b> Есептік, реттік сан есімдер; Сапалық сын есімдер; Жатыс, барыс септіктері . Сілтеу есімдігі – бұл, сол, ол, анау, мынау. Осы шақ, өткен шақ, келер шақ. Шейін, дейін шылаулары. <b>Лексика:</b> Лексикалық бірліктер мен тілдік құрылымдарды есте сақтау, қолдану. <b>Тыңдалым:</b> Қарапайым мәтінді тыңдап, түсіне білу, ішінен тақырып бойынша берілген тілдік бірліктерді ажырата алу. <b>Оқылым:</b> Берілген мәтінді қазақ тілінің заңдылықтарын сақтай отырып дұрыс оқи алуға, мазмұнын түсінуге дағдылану.</p>	2	<p><b>Лексикалық минимумды жаттау</b> <b>СӨЖ 4.</b> Абайдың жыл мезгілдеріне байланысты бір өлеңін жаттау, жатқа айту.</p> <p>Жазбаша жұмыс: Абай өлеңдерінің мазмұны бойынша бейнебаян жасау, студенттерге таныстыру,</p> <p><b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Қазақ тілі мен үшін...». Бейнежазба жасау, қорғау, әңгімелеу. Жобаның сценарийі негізінде материалдарды іріктеу.</p>	14.09.2020- 19.09.2020
5	<p><b>М 2.</b> Тақырып 5. Тағам және сусындар. Жемістер, көкөністер. Г: <i>Сын есім, оның мағыналық топтары</i></p> <p>Ойын сауық орындары және ондағы тамақтану. Саябақ, Жануарлар саябағы, McDonald's, KFC Г: <i>Сын есім. Ащы, тұщы тұлғалары</i></p>	<p><b>Жазылым:</b> Өткен тақырып бойынша мәтіндерді, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға дағдылану. <b>Айтылым:</b> Тілдік бірліктерді күнделікті қарым-қатынаста еркін қолдануға дағдылану( жақсы көретін жыл мезгілі жайлы, уақытты тиімді пайдалану туралы әңгімелеу т.б.). <b>Қатысымдық міндет:</b> Уақытты қалай жоспарлау, оны қалай өзгерту туралы ұсыныс беру, күнделікті не істейтіні туралы айта</p>	2	<p><b>Лексикалық минимумды жаттау</b> <b>СӨЖ 5.</b> Жүріңіз, бірге тамақтанайық. Сұқбат құрастыру. 10-12 сөйлем. Фасфудтар. Зияны. Пайдасы. Презентация (5-7 слайд)</p> <p>Жазбаша жұмыс: Ойын сауық орталығына барсам... . Шағын әңгіме жазу. 8-10 жай сөйлем.</p> <p><b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Қазақ тілі мен үшін...». Видеоролик жасау, қорғау, әңгімелеу. Жобаның</p>	21.09.2020- 26.09.2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

		білу, жыл мезгілі, ауа райы туралы мәліметті ала білу және басқаға жеткізе білу, қойылған сұрақтарға жауап бере білу. <b>Ұсынылатын дереккөздер:</b> Нег.1 [10, 11], 4[41, 156]; Қос.1 [14], 2[9] (2)		бейнежазбасын түсіру	
6	<b>М 2.</b> Тақырып 6.  Азық түлік дүкенінде. Базарда. Жәрмеңкеде. Г: <i>Сан есім.</i> <i>Есептік сан есім.</i>  Ас мәзірі. Буфетте. Асханада. Кафеде. Мейрамханада. Г: <i>Сын есім.</i>		2	<b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ 6.</b> Қолымнан шыққан бұйымдар. Өз қолымен бір бұйым жасау. Жәрмеңкелеу (5-7 слайд). Қорғау. Менің сүйікті тағамым. Өзі ұнататын бір тағамның құрамымен топты таныстыру. Атын жасыру. 7-10 жай сөйлем.  <b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Қазақ тілі мен үшін...». Видеоролик жасау, қорғау, әңгімелеу. Жоба бейнежазбасы негізінде таныстыру сөзін дайындау.	28.09.2020-3.10.2020
7	<b>М 2.</b> Тақырып 7. Жүріңіз бірге қыдырайық! Қалада... Г: <i>Жатыс септігі</i> 2  Театрда. Музейде. Көрмеде. Г: <i>Реттік сан есім</i> 2		2	<b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ-7.</b> Ойын-сауық орталығында болған бір күніңізді суреттермен әңгімелеп айтып беріңіз. Алматының көрікті жерлері. Қабырға газетін шығару. Лексикалық минимум бойынша тест тапсыру. Жазбаша жұмыс: «Сүйікті қалам» тақырыбына шағын мәтін жазу.  <b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Қазақ тілі мен үшін...» тақырыбының аясында таңдап алынған тақырып бойынша дайындаған видеороликті көрсету, тексерту, айтылған ескертулер бойынша толықтыру.	5.10.2020-10.10.2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

8	<p><b>М 2.</b></p> <p>ОСӨЖ тапсыру. (1 сағ)</p> <p>1-аралық (Midterm) аттестация (1 сағ)</p>		2	<p><b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Қазақ тілі мен үшін...» тақырыбының аясында таңдап алынған тақырып бойынша дайындаған видеороликті қорғау. <b>1-АБ.</b> 1) ұсынылған тақырып бойынша тапсырманы жазбаша орындау; 2) тест тапсырмаларын орындау. СӨЖ 18-ді тапсыру</p>	12.10.2020- 17.10.2020	
<b>Модуль 3</b>						
9	<p><b>М 3.</b> Тақырып 9. Қоршаған орта. Табиғат. Таулар. Табиғат аясында. Г: <i>Сын есімнің салыстыралы шырайлары</i></p> <p>Жүріңіз саяхаттайық. Әуежайда. Қонақүйде. Хостельде. Отельде. Г: <i>Септік жалғаулары</i></p>	<p><b>Тілдік құзыреттілік:</b> <b>Грамматикалық минимум:</b> Жіктік, тәуелдік жалғаулары; Септік жалғаулары; -уді жақсы көремін; Есептік, реттік сан есімдер. Жалқы есімдер; Көмекші есімдер; Мекен үстеулер; Сұраулы сөйлемдер; Болымсыз етістіктер; Қалау рай, бұйрық рай. Жедел өткен шақ; Ауыспалы келер шақ; -қан / -кен есімше жұрнақтары. <b>Лексика:</b> Сөздер мен сөйлем модельдерін меңгеру, мағынасын түсіну, тілдік қатынаста қолдана білу. <b>Тыңдалым:</b> Сөздер мен сөйлем модельдерін, сұхбатты, мәтінді мұқият тыңдап, мағынасын түсіну, сөздерді дұрыс айта білу. <b>Оқылым:</b> Берілген сұхбат, мәтін ішіндегі сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс оқып, ұғыну, мазмұндау. <b>Жазылым:</b> Тақырыпқа сай ойын жазбаша жеткізуге дағдылану. <b>Айтылым:</b> Берілген сөздер мен сөйлем оралымдарын күнделікті қарым-қатынаста еркін</p>		2	<p><b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ-8.</b> Қызыл кітапқа енген жан-жануарларға сипаттама беріңіз. Ең көңілсіз саяхатыңыз туралы айтып беріңіз.</p> <p>Жазбаша жұмыс: Электронды почтамен досыңызға хат жазыңыз.</p> <p><b>ОСӨЖ-2.</b> «Менің әуестігім» тақырыбына жоба жасау.</p>	19.10.2020- 24.10.2020
10	<p><b>М 3.</b> Тақырып 10. Мамандықтың бәрі жақсы. Қай мамандықта оқисың? Г: <i>Зат есім тудырушы жұрнақтар</i></p> <p>Менің тобым: оқимыз, демаламыз. Г: <i>Сан есім.</i></p>			2	<p><b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ-9.</b> Адам өміріне ең қажетті мамандықтар тізімін жасап, олардың жұмысы туралы презентацияда көрсетіңіз. Менің данагөй замандастарым. Өз тобыңыздан ерекше 3 студенттен сұхбат алыңыз. Видеоролик.</p> <p>Жазбаша жұмыс: Берілген мәтіннен</p>	26.10.2020- 31.10.2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

		<p>колдануға дағдылану. <b>Қатысымдық міндет:</b> Қоғамдық орындарда(қалада, театр, музей, көрме т.б.), көлікте(автобус, метро, такси, троллейбус) жүріп-тұру, бару/келу бағытын, мақсатын айта білу, қайда не өтетінін, қандай оқиға болатынын/болғанын, уақытын, не қанша тұратынын айта білу, баруға ниет білдіру, сұрақтарға жауап бере білу. <b>Ұсынылатын дереккөздер:</b> Нег.1 [10, 11], 4[41, 156]; Қос.1 [14], 2[9]</p>		<p>мағынасы келмейтін сөйлемдерді алып тастап және қызылмен берілген сөздердің қатесін түзеп көшіріп жазыңыз.  <b>ОСӨЖ-2.</b> «Менің әуестігім» жобасы бойынша сөз қозғау. Оқытушымен бірге жобаны жасау мақсатын талқылау, әңгімелеу. Ұсынылған тақырыптың негізінде сөз қозғау.</p>	
Модуль 4					
11	<p><b>М 4.</b> Тақырып 11.  Сен сабаққа қалай дайындаласың? Мен қандай студентпін? Г: <i>Жіктік жалғауы</i>  SU студенттік өмірі: клубтар, спорттық іс-шаралар. Г: <i>Көптік жалғауы</i></p>	<p><b>(С31-С33)</b> <b>Тілдік құзыреттілік:</b> Грамматикалық минимум: Көптік, жіктік, тәуелдік жалғаулары. Жедел өткен шақ; Ауыспалы келер шақ; Ілік, барыс, жатыс, табыс, шығыс септік жалғаулары; Қалау рай <b>Лексика:</b> Сөздер мен сөйлем модельдерін түсіну, меңгеру, тілдік қатынаста қолдана білу. <b>Тыңдалым:</b> Мәтінді, ақпаратты, сұхбатты мұқият тыңдап, түсіну, сөздерді дұрыс айта білу, қолдану. <b>Оқылым:</b> Берілген сұхбат, мәтін ішіндегі сөздерді, сөз тіркестерін</p>	2	<p><b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ-10.</b> Қазақстандық студент пен шетелдік студентті салыстырыңыз.  Жазбаша жұмыс: Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.  <b>ОСӨЖ-1. Жоба:</b> «Менің әуестігім» бойынша бейнажазбаның жоспарын құру, топ студенттеріне, таныстыру, өз жоспарын талқылау.</p>	2.11.2020-7.11.2020
12	<p><b>М 4.</b> Тақырып 12.  Сәтбаев университеті Г: <i>Сын есімнің мағыналық топтары</i>  Мен қазақша сөйлей аламын! Г: <i>Қалау рай</i></p>	<p>дұрыс оқып, ұғыну, мазмұндау. <b>Жазылым:</b> Тақырыпқа сай ойын жазбаша жеткізуге дағдылану. <b>Айтылым:</b> Берілген сөздер мен сөйлем оралымдарын қарым-қатынаста еркін қолдануға дағдылану. <b>Қатысымдық міндет:</b></p>	2	<p><b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ-11.</b> Болашақтағы университет моделі. Сіздің ойыңызша болашақта университеттер қандай болады? Сол туралы шағын мәтін жазыңыз.</p>	9.11.2020-14.11.2020



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

		Студенттік өмір: оқу үрдісі, оқу үлгерімі, қиындықтар мен қызығушылықтар туралы, нені (пәнді, клубты, спорт түрі, іс-шаралар т.б.), қалай таңдау, қайда, неге, не үшін бару, қатысу жайында сұраққа жауап бере алу, сұрақ қоя білу, баяндай алу. <b>Ұсынылатын дереккөздер:</b> Нег.1 [10, 11], 4[41, 156]; Қос.1 [14], 2[9]		Мен қай елде жан-жақты білім ала аламын? Презентация жасау. Жазбаша жұмыс: Диалогті толықтырыңыз.  <b>ОСӨЖ-2.</b> «Менің әуестігім» тақырыбы бойынша қиындық туғызатын лексикалық материалдармен жұмыс жасау (гlossарий дайындау, сөздік бойынша қиын сөздердің дефинициясын табу).	
13	<b>М 4.</b> Тақырып 13.  Л: Дені саудың – жаны сау Г: Сұраулы сөйлемдер, сұраулық шылаулар.		2	<b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ -12.</b> Дұрыс тамақтану ережесін жасау. Жазбаша жұмыс: Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.  <b>ОСӨЖ-2.</b> «Менің әуестігім» тақырыбы бойынша видеоролик немесе слайдшоу дайындау.	16.11.2020- 21.11.2020
14	<b>М 4.</b> Тақырып 14. Л: Саламатты өмір салты. Г: Сұраулы сөйлемдер, сұраулық шылаулар		2	<b>Лексикалық минимумды жаттау СӨЖ-13.</b> Денсаулық сақшысы Видеоролик жасау Жазбаша жұмыс: Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.  <b>ОСӨЖ-2.</b> «Менің әуестігім» тақырыбы бойынша дайындаған видеороликті көрсету, тексерту, айтылған ескертулер бойынша толықтыру.	23.11.2020- 28.11.2020
15	ОСӨЖ-2 тапсыру.		2	<b>ОСӨЖ-2. Жоба:</b> «Менің әуестігім» тақырыбының аясында таңдап	30.11.2020- 5.12.2020

	2-аралық (Midterm) аттестация.		алынған тақырып бойынша дайындаған жобаны, видеороликті қорғау.  <b>2-АБ.</b> 1) ұсынылған тақырып бойынша тапсырманы жазбаша орындау; 2) тест тапсырмаларын орындау.	
* Семестр барысында өтетін мейрам күндерін ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарға өзгеріс енгізілуі мүмкін.				

#### 4. Әдебиеттер:

##### Негізгі:

1. Бектурова А.Ш. Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. Алматы, «Атамұра», 2004.
2. Досмамбетова Г:Қ.; Балабеков А.А., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А:Д. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей (А1). Астана, 2012. -164 б.
3. Ермекова К. «Танымгер» (1-деңгей). Алматы, «Мектеп», 2009.
4. Жақсылықова К. Қазақ тілі. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық.-Алматы, 2008.-262б.
5. Мамаева М.Қ., Жолшаева М.С. Тіл-құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралы. А1 (Қарапайым деңгей) Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 250 бет.

##### Қосымша:

1. Мадиева Т. Бастауыш топқа арналған жаттығулар жинағы. Астана, 2013
2. Тілешов Е.Е. Бастапқы деңгейге арналған мәтіндер, Қарағанды, Бегазы-Білім, 2010.
3. Куликовская Л.К. Мусаева Э.Н. «Грамматика казахского языка в таблицах и схемах». Алматы, 2006.
4. «Казахский язык без грамматики» (1 часть). Алматы, «Арыс», 2007.
12. Қазақ мақал-мәтелдері/ Казахские пословицы и поговорки. – Алматы: «Қазақстан» 1990. 288 б. 70 б.

##### Сөздіктер мен жинақтар:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, «Драйк-Пресс», 2008.
2. Лексика-грамматикалық сөздік. «Просто о невероятно сложном». Алматы, 2007.
3. Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік (3000 сөз). Алматы, «Аруна», 2002.
4. Русско-казахский словарь. Том I/II (А-Я). Алматы, «Арыс», 2007.

##### Web-сілтемелер

1. [www.til.gov.kz](http://www.til.gov.kz) (қазақ тілін жеделдетіп оқытуға арналған мультимедиалық кешен). Астана, 2010 ж.
2. [www. soyle.kz](http://www.soyle.kz)
3. [www.kitap.kz](http://www.kitap.kz)
4. [www.bilimpaz.kz](http://www.bilimpaz.kz)
5. [www.sozdik.kz](http://www.sozdik.kz)
6. <http://qazaqtili.el.kz>
7. <http://kaz-tili.kz>

## 5. Курс бойынша жұмыс түрлерінің сипаттамасы:

Практикалық сабақ тапсырмалары әр апта сайын ұсынылған тақырып бойынша өз бетінше тыңдап, дұрыс орындауға арналған ағымдық жұмыс. Әр сабақтың дәрісін уақытында ынталы түрде тыңдап, дайындалып жүру – курсқа қойылатын міндетті талап болып табылады. Қажет болған жағдайда дәрісті қайталап тыңдауыңызға, Силлабуста көрсетілген оқу құралдарын, сөздік және анықтамалықтарды пайдалануыңызға болады. Дәрісті тыңдап, орындау барысында көрсетілген бөлімдерді және қосымша материалдарды өз бетімен ұтымды пайдалана білу қажет. Мұндай дайындық жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және Сіздің университет қабырғасында терең білім алуыңызға ықпал етеді.

*Студенттің өзіндік жұмысы (үй тапсырмалары) (СӨЖ)* – өткен тақырыптар бойынша семестр бойына 13 тапсырманы өз бетінше орындаудан тұрады. Барлық СӨЖ тапсырмалары Силлабуста көрсетілген мерзімде ауызша және жазбаша түрде тапсырылуы тиіс. Оларды барлық студенттер ағымдық өзіндік жұмыс ретінде орындап, тапсыруға міндетті. Үй тапсырмасын орындау барысында Сіз он-лайн сабақта алған білімдеріңізді тиімді пайдалануыңыз керек.

*Студенттің оқытушының жетекшілік етуімен орындалатын өзіндік жұмысы (ОСӨЖ)* – оқытушының жетекшілік етуімен Сіз өзіңіз жеке немесе топ құрамында 2-3 студенттің қатысуымен жоспарлы түрде орындалатын шығармашылық жұмыс. Жоба тақырыптарын өзіңіз оқытушымен келісе отырып, алғашқы аптаның бірінші сабағында белгілейсіз. Тапсырма шағын топпен орындалатын болса, жоба тақырыбы мен шағын топтағы студенттердің фамилиялары бірге бекітіледі. Сіз жоба жұмысының барысын (оның тиісті бөліктерін) оқытушымен бірге күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілген мерзімге сәйкес әр апта сайын белгіленген уақыт ішінде офис сағатында үнемі талқылап отыруыңыз керек. Топтық жоба жазбаша түрде орындалып, сабақ кезеңінің соңғы әр аттестациялық аптасында (екі аттестацияда барлығы екі ОСӨЖ орындалады) топ алдында ауызша қорғалады және компьютерде терілген жазба түрде тапсырылады.

*Аралық бақылау(1-АБ; 2-АБ)* – семестрде екі рет курс бойынша өтілген білім, білік, дағдыны тексеру, қайталату, пысықтау, бекіту және түзету мақсатында аттестациялық аптада орындалады. Әр аттестациялық бақылау жұмысы сол аралықта өткен материал мазмұнын қамтиды және тестілік тапсырма, шығармашылық жұмыс түрінде жазбаша орындалып, бағаланады. Аралық бақылау өту ұзақтығы – 50 минут.

*Қорытынды емтихан* – курс бойынша барлық материалдарды қамтиды және қорытындылайды. Емтихан жазбаша өткізіледі және түрлі тапсырмаларды қамтиды. Емтихан өту ұзақтығы – 2 академиялық сағат.

*\*СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмаларын орындау талаптарымен және оны бағалау критерийлерімен танысу үшін интранеттен Әдістемелік нұсқауды мұқият оқыңыз!!!*

*\* Емтиханда егер баға төмен болып қалса, оны көтеру үшін ешқандай қосымша тапсырма берілмейді. Сондай-ақ емтиханды қайта тапсыруға да рұқсат берілмейді.*

## 6. Жұмыстарды орындау және тапсыру графигі

№	Жұмыс түрі	Апталар
---	------------	---------

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	Барлық макс. балл
1	Сабаққа қатысу және белсенділік	1	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	13
2	Қатысымдық тапсырма	8			*			*				*			*			8
3	СӨЖ: Үй тапсырмасы	1	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	13
4	ОСӨЖ дайындау және қорғау			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	16
5	1 Аралық бақылау (Midterm)									*								5
6	2 Аралық бақылау (Endterm)																*	5
7	Қорытынды емтихан																	40
	Барлығы																	<b>100</b>

**7. Бағалау рейтингі және критерийлер бойынша бағалаудың мүмкін болатын соңғы нұсқалары**

Әріптік бағалау	GPA	балдар	Критерийлері
A	4	95-100	Оқытылатын курс көлемінен асатын білімнің ең жоғарғы стандарттарын көрсетеді
A-	3,67	90-94	Білімнің ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B+	3,33	85-89	Өте жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B	3	80-84	Жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B-	2,67	75-79	Жоғары стандарттарға жақын жеткілікті білім
C+	2,33	70-74	Жалпы стандарттарға сәйкес келетін жеткілікті білім
C	2	65-69	Жалпы білім стандарттарының көбіне сәйкес келеді және қанағаттандырушылық білім
C-	1,67	60-64	Қанағаттандырушылық, бірақ кейбір білім бойынша стандарттарға сәйкес келмейді
D+	1,33	55-59	Минималды қанағаттандырады, бірақ кең ауқымды білім стандарттарына сәйкес келмейді
D	1	50-54	Стандарттарға сәйкес келуі күмәнді минималды қанағаттандырушылық өту балы
FX	0,5	25-49	Уақытша бағалау: қанағаттанарлықсыз төменгі көрсеткіш, емтиханды қайта тапсыруды қажет етеді
F	0	0-49	Пәнді игеруге тырыспады. Студент емтихандан айла арқылы баға алмақ болған кезде де қойылады
I	0	0	Уақытша бағалау: Курстың көп бөлігін сәтті аяқтап, нақты жағдайларға байланысты қорытынды бақылау іс-шараларын тапсыра алмауы
W	0	0	Студенттің пәннен өз еркімен бас тартуы және оны 6-шы оқу аптасына дейін игермеуі
AW	0	0	Студент академиялық тәртіп пен ережелерді жүйелі түрде бұзғаны үшін оқытушы оны пәннен алып тастауы

**8. Әр жұмыс түрі бойынша білімді бағалау критерийлері:**

**Тапсырма түрлері бойынша максималды баға**

Практикалық сабаққа қатысу және белсенділік (сабақтан қалған немесе қатыспаған әрбір күн үшін 0,2 б. алынып тасталады)	$7 \times 16 = 7$
Үй тапсырмаларын орындау (СӨЖ)	$7 \times 16 = 7$
Қатысымдық тапсырма	$2 \times 1,56 = 3$
Студенттің өзіндік жұмысын (ОСӨЖ) дайындау (56) және қорғау (36)	$56 + 36 = 8$

1-аралық бақылау	5
<b>1-аралық аттестация(Midterm)</b>	<b>30</b>
Практикалық сабаққа қатысу және белсенділік(сабақтан қалсаңыз немесе қатыспасаңыз 0,2б. алынып тасталады)	6 x 1 б = 6
Үй тапсырмаларын орындау (СӨЖ)	6 x 1б = 6
Қатысымдық тапсырма	2 x 2,5 б = 5
Студенттің өзіндік жұмысын (ОСӨЖ) дайындау (5б) және қорғау (3б)	5б + 3 б = 8
2-аралық бақылау	5
<b>2- соңғы аттестация(Endterm)</b>	<b>30</b>
<b>Қорытынды емтихан</b>	<b>40</b>
Барлығы	100

### 9. Баға қою саясаты:

Семестр соңында Сіздің семестр бойындағы жұмыстарыңыздың жалпы көрсеткіші болып табылатын қорытынды бағаңызды аласыз. Қорытынды баға «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ белгілеген бағалау шкаласына сәйкес қойылады.

Курстың баға қою саясаты мынадай *талаптарды қамтиды*: Студент әр сабаққа үнемі дайындалып, көрсетілген уақытта Microsoft Teams платформасына жүктеуі тиіс. Шығармашылық жұмыстарды, жұмыстың басқа барлық түрлерін толық жүзеге асыра отырып, уақытылы қорғауы, тапсыруы қажет. Студент он-лайн сабаққа уақытында қатысу үшін платформаға кестеде көрсетілген уақытта қосылуы тиіс. Аттестациялық бағалау кесте бойынша бір семестрде 2 рет өткізіледі. Мұнда студенттің семестр бойына сабаққа қатысуы мен белсенділігі, ағымдағы және аралық бақылаудан көрсеткен білім нәтижелері, шығармашылық жұмыс бағасы есепке алынады. Әр аттестация бойынша студенттің білім көрсеткішінің жоғары межесі – 30 балл. Курс бойынша студенттің білім көрсеткішінің жоғары межесі – 60 балл.

\* Егер, белгілі себептермен аралық бақылау кезеңін өткізіп алсаңыз, онда Сіз емтиханға дейін оқытушыға ескертуге міндеттісіз. Емтихан өткеннен кейін қайта тапсыру мүмкіндігі жоқ. Себепсіз емтиханды өткізіп алған студент те оны тапсыру құқығынан айырылады.

#### Есте сақтаңыз!

#### Қашықтықтан оқыту барысында:

Сабақ кестесіне сәйкес міндетті түрде қашықтықтан сабаққа қатысу бұл сабаққа дайындығын анықтайды. Қашықтықтан сабаққа қатыспаған жағдайда студент оқытушыға тәулік ішінде хабарлауға және сабақты өздігінен үйрену жоспарын түсіндіруге міндетті.

- қашықтықтан оқытудың алдында ұсынылған материалдарды міндетті түрде оқу тапсырмаларды уақытында тапсыру. Кеш тапсырғаны үшін -10% айыппұл қарастырылған.
- ешқандай себепсіз сабақтың 20%-на қатыспаған студентке «қанағаттанарлықсыз» - F «Fail» қойылады.
- тапсырманы орындау кезінде плагиат пен алдауға жол берілмейді.
- электронды гаджеттерді сабақта қолдану рұқсат етілгенімен, емтихан кезінде пайдалануға жол берілмейді.
- 1 және 2-аттестация қорытындысы бойынша 30-дан төмен балл (макс. 60б.) жинаған студент курс бағдарламасын толық өтпеген болып саналады және емтиханға жіберілмейді.
- емтиханда 20 балдан (макс. 40б.) төмен жинаған студентке (1 және 2- аттестация ұпайы қанша болса да) F қойылады.
- AW», «F», «I» ҚазҰТЗУ-дағы «Оқытудың кредиттік жүйесі ережелеріне» сәйкес

қойылады.

**10. Мерзімінен кеш тапсырылған жұмысты бағалау саясаты:**

Курс бойынша орындалатын әр тапсырма, өзіндік жұмыс Силлабуста көрсетілген мерзімде Microsoft Teams платформасына жүктелуі тиіс. Кері жағдайда, мерзімінде орындалмай, кейінірек тапсырылған жұмысқа алған тиісті бағаның тек 50% ғана қойылады.

**11. Сабаққа қатысу және белсенділікті бағалау саясаты:**

*Сабақтарға үзбей қатысу және сабақта белсенділік* таныту міндетті және Сіздің қорытынды балл/бағаңыздың бір бөлігін құрайды.

Сабаққа қатыспау – Сіздің оқу үлгеріміңіз бен қорытынды бағаңызға әсерін тигізеді. Кез-келген себептер бойынша сабаққа *екі рет кешігіп қосылу және /немесе сабақтың соңына дейін платформадан шығып қалған жағдайда бір рет сабақтан қалған* болып саналады. Егер студент сабақтан 20% және одан да көп қалған болса, емтиханға жіберілмейді.

**12. Академиялық адалдық мінез-құлық және әдеп саясаты:**

Пән бойынша оқыту шеңберінде, сыбайлас жемқорлық көрінісінің кез келген түріне жол берілмейді. Осындай әрекеттерді ұйымдастырушы (олардың тапсырмасы бойынша оқытушы, студенттер немесе үшінші тұлға) ҚР заңдарын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

Толерантты болыңыз және басқаның пікірін құрметтей біліңіз! Қарсы пікіріңіз болса, оны тұжырымдалған түрінде жасаңыз. Плагиат және әділетсіз жұмысқа жол берілмейді. Өзге студент үшін емтихан тапсыруға және бір-бірінен көшіруге жол берілмейді. Жұмысыңызда авторлықты, мәліметтерді, дереккөзде ақпаратты не сілтемелерді бұрмалауға, ойдан шығаруға жол берілмейді. Оқытушыға өтірік мәліметтер беруге жол берілмейді. Шпаргалка, мобильді телефон не басқа құрылғыларды қолдануға болмайды.

Курстың кез келген ақпаратын бұрмалаған, академиялық мінез-құлық пен әдеп ережелерін сақтамаған студент қорытынды «F» бағасын алады.

ҚазҰТЗУ-дың «Оқытудың кредиттік жүйесі ережелеріне» сәйкес студент:

- сабаққа дайын болып келуге, сабақта белсенді болуға;
- өзара және оқытушымен қарым-қатынаста сыпайы болуға;
- өзгеден көшірмеуге( көшірілген жұмыс қабылданбайды);
- студент себепсіз сабақтан қалмауға;
- университет порталындағы он-лайн оқытуға арналған «Microsoft Teams платформасымен жұмыс нұсқаулығымен» мұқият танысуға **міндетті**.

**Студент:**

- курсқа қатысты туындаған барлық мәселелер бойынша оқытушыдан кеңес алуға;
- оқу процесін жақсартуға қатысты ұсынысын айтуға;
- әрбір модуль бойынша ағымдағы өз үлгерімі нәтижелерін білуге;
- қорытынды емтиханға белгілі бір себеппен қатыса алмаған жағдайда, басшылықтың өкімімен емтихан тапсыруға рұқсат алуға;
- қорытынды емтиханда қойылған бағаға қанағаттанбаған жағдайда апелляцияға беруге **құқылы**.

Студент үшін **он-лайн оқытудың техникалық талаптары:**

- сабаққа қажетті тұрақты интернеттің;
- дербес компьютер не ноутбуктың;
- WEB- камера және микрофонның;
- дербес компьютерде не ноутбукте Microsoft Teams платформасының жүктелуі;
- талап етіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

- сабаққа қатысу үшін Microsoft Teams платформасына мобильді телефон арқылы қосылуға рұқсат етілмейді.

\* **Көмек:** Шығармашылық жұмыстардың орындалу барысы және оны қорғау, сондай-ақ зерттелген материал туралы қосымша ақпарат, сондай-ақ курсқа қатысты басқа да мәселелер бойынша кеңес алу үшін оқытушының Силлабуста көрсетілген электрондық байланыс құралдары арқылы жұмыс уақытында немесе тәулік бойы хабарласуға болады.

Кафедра отырысында қаралды: хаттама №1 «20» тамыз 2020 ж.

Құрастырған:



Р. Ускенбаева

**Курс саясатымен таныстым, оны қатаң сақтауға міндеттенемін:**

<b>№</b>	<b>Студенттің аты-жөні</b>	<b>Мамандығы, телефон</b>	<b>Қолы, күні, айы, жылы</b>
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			